
ISSN: 2960-0049
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ

ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

3(15)2026



УДК 94(574): 323.28

БЕЛГІСІЗ ТАҒДЫРЛАР: ШАМГУНОВТАР ОТБАСЫНЫҢ СТАЛИНДІК ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ТАҒДЫРЫ

А.Қ. Серік
Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі (Ақтөбе, Қазақстан)

Аңдатпа. Қазақ халқының XX ғасырдағы тарихындағы ең қасіретті кезеңдердің бірі – сталиндік саяси қуғын-сүргін жылдары. Мақалада жалпы кеңестің репрессия саясаты қазақ халқының зиялыларының да жазықсыз жазалаумен қатар, олардың отбасыларының тағдырына ауыр зардабын тигізгені жөнінде айтылады. Автор XX ғасырдың 1930 жылдары тарихындағы қасіретті сталиндік саяси қуғын-сүргінге байланысты Ақтөбе өңірінде дүниеге келген Шамгунов Нармағамбет Сутеміұлы мен оның отбасы тағдыры мен қасіретін қарастырады. Зерттеуде Нармағамбет Шамгунов пен Адия Шамгунованың НКВД тарапынан тұтқындалуы және кейін ату жазасына кесілгені, Адияның АЛЖИР мен КарЛагтағы тағдыры, олардың қызы Ғалияның ата-анасынан айырылып, туыстарының қамқорлығында өсуі және отбасының кейінгі ақталу тарихы талданады.

Шамгунов отбасы тарихы арқылы саяси қуғын-сүргіннің тек жеке адамға ғана емес, олардың отбасы мен ұрпағына да тигізген ұзақ мерзімді зардаптары көрсетіледі.

Бір әулеттің ата-анасынан айырылған балалардың кейін қайта табысуы, туыстарының қиын кезеңде туыстық жауапкершіліктері – сол заманның қаралы күндерінді де адамдық мейірім мен туыстық байланыстың сақталғанын көрсететін тағылымды оқиға ретінде бейнеленген.

Материалдар мен зерттеу әдістері: Зерттеу материалдарын архивтік құжаттар, музей қорларындағы фотосуреттер, жеке фотосуреттер және және ұрпақтарының естелік деректері құрайды. Зерттеуде архивтік, салыстырмалы талдау және ауызша тарих әдістері қолданылды. Сонымен қатар, тұлғалардың тұрғылықты үйлеріне арнайы бару нәтижесінде, ауызша тарихи естеліктері арнайы жазылып алынды және деректік материалдар ретінде құжаттандырылды.

Тірек сөздер: Сталиндік қуғын-сүргін, саяси репрессия, Шамгуновтар отбасы, АЛЖИР, КарЛаг, архивтік деректер, тарихи жад.

Сілтеме жасау үшін: Серік А.Қ. Белгісіз тағдырлар: Шамгуновтар отбасының сталиндік қуғын-сүргін жылдарындағы тағдыры // MUSEUM.KZ. 2026. №3 (15), 71-80 бб. DOI: 10.59103/muzkz.2026.15.07

НЕИЗВЕСТНЫЕ СУДЬБЫ: ИСТОРИЯ СЕМЬИ ШАМГУНОВЫХ В ГОДЫ СТАЛИНСКИХ РЕПРЕССИЙ

А. К. Серик
Актюбинский областной историко-краеведческий музей (Актюбинск, Казахстан)

Аннотация. Одним из наиболее трагических периодов в истории казахского народа в XX веке стали годы сталинских политических репрессий. В статье рассматриваются последствия репрессивной политики советского государства, направленной, в частности, против представителей казахской интеллигенции, а также ее влияние на судьбы членов их семей и последующих поколений. На примере семьи Нармагамбета Сутемировича Шамгунова, уроженца Актюбинского региона, автором исследуется трагическая история семьи в период сталинских политических репрессий 1930-х годов. Рассматриваются обстоятельства ареста Нармагамбета Шамгунова и Адии Шамгуновой органами НКВД, их последующая судьба, пребывание Адии в системе АЛЖИР и Карлага, а также судьба их дочери Галии, оставшейся без родителей и воспитывавшейся у родственников. Особое внимание уделяется истории последующей реабилитации членов семьи. На основе семейной

истории показано, что политические репрессии имели долгосрочные последствия не только для самих репрессированных, но и для их семей и последующих поколений. Вместе с тем история детей, лишившихся родителей, но сохранивших связь с родственниками и впоследствии воссоединившихся с матерью, свидетельствует о сохранении родственной солидарности, взаимопомощи и человеческих связей даже в условиях политического террора.

Материалы и методы исследования. Материалами исследования послужили архивные документы, фотографии из музейных фондов, личные фотографии, а также воспоминания и свидетельства потомков репрессированных. В работе применены архивный, сравнительно-аналитический методы и метод устной истории. В ходе специально организованных встреч с родственниками и потомками участников исследуемых событий были зафиксированы устные исторические воспоминания, которые документированы и использованы в качестве источникового материала.

Ключевые слова: сталинские репрессии, политические репрессии, семья Шамгуновых, АЛЖИР, КарЛАГ, архивные документы, историческая память.

Для цитирования: Серик А.К. Неизвестные судьбы: история семьи Шамгуновых в годы сталинских репрессий // MUSEUM.KZ. 2026. №3 (15), с. 71-80. DOI: 10.59103/muzkz.2026.15.07

UNKNOWN FATES: THE FATE OF THE SHAMGUNOV FAMILY DURING THE YEARS OF STALINIST REPRESSION

A.K. Serik

Aktobe Regional Museum of History and Local Lore (Aktobe, Kazakhstan)

Abstract. One of the most tragic periods in the history of the Kazakh people in the 20th century was the years of political repression. The article examines the consequences of the repressive policy of the Soviet state, directed, in particular, against representatives of the Kazakh intelligentsia, as well as its impact on the fate of their family members and subsequent generations. Using the example of the family of Narmagambet Sutemirovich Shamgunov, a native of the Aktobe region, the tragic history of the family during the Stalinist political repressions of the 1930s is explored. The article examines the circumstances of the arrest of Narmagambet Shamgunov and Adiya Shamgunova by the NKVD, their subsequent fate, Adiya's stay in the ALZHIR and Karlag system, as well as the fate of their daughter Galiya, who was left without parents and raised by relatives. Special attention is paid to the history of the subsequent rehabilitation of family members. Based on family history, it is shown that political repression had long-term consequences not only for the repressed themselves, but also for their families and subsequent generations. At the same time, the history of children who lost their parents, but retained contact with relatives and subsequently reunited with their mother, testifies to the preservation of family solidarity, mutual assistance and human ties even in the conditions of political terror.

Materials and methods of research. The research materials included archival documents, photographs from museum collections, personal photographs, as well as memoirs and testimonies of the descendants of the repressed. The work uses archival, comparative and analytical methods and the method of oral history. During specially organized meetings with relatives and descendants of the participants in the studied events, oral historical memories were recorded, which were documented and used as source material.

Keywords: Stalinist repression, political repression, Shamgunov family, ALZHIR, Karlag, archival documents, historical memory.

For citation: Serik A.K. Unknown fates: the fate of the Shamgunov family during the years of stalinist repression // MUSEUM.KZ. 2026. №3 (15), pp. 71-80. DOI: 10.59103/muzkz.2026.15.07

Кіріспе. XX ғасырдың 30-шы жылдардағы Сталиндік қуғын-сүргіннің тарихы әлі толық ашылмады. Кеңес үкіметінің тоталитарлық жүйесінің құрбандары қатарында сол жүйеге сенген адал комунисттер көптеп кездеседі. Өздері қамалып, атылып, отбасылары ойран болды. Олардың кейбіреулерінің сүйектерінің қайда қалғаны қазір де белгісіз. Сондай жазықсыз құрбандардың бірі осы мақалада айтылатын Ақтөбе өңірінде дүниеге келген, атылған жері белгісіз Шамгунов Нармағамбет пен оның отбасы.

Шамгунов Нармағамбет Сутеміұлы 1904 жылы Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданының №6 ауылында дүниеге келген. Шыққан тегі – Кіші жүз, Жетіру, Тама. Нармағамбет орта білім алып, Рабфакта (жұмысшы факультеті) білімін жетілдірген. Кейін 1926 жылы Ташкент қаласындағы Орта Азия заң институтында білім алған. Осы кезеңде ол болашақ жары Шамгунова (Муртазина) Адия Фазыловнамен танысады. Міне олардың оқиғалары осы жерден басталады [Саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау музейінің қоры, НВ Ф. 5192].

Шамгунова Адия Фазыловна 1906 жылы Қаскелеңде татар отбасында дүниеге келген. Алғашқы кезде білімін молдадан алып, кейін тоғыз жылдық татар мектебінде оқыған. Рабфакта білім алып, осы кезеңде комсомол қатарына қабылданған. Сол уақытта Ақтөбе өңірінде білікті заңгер мамандардың жетіспеушілігі байқалып, Адияны 1926 жылы Ақтөбенің губсоты Ташкенттегі Орта Азия заң институтына екі жылдық курсқа жібереді [Саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау музейінің қоры, НВ Ф. 5192] (сурет 1, 2).

Талқылау. Нармағамбет пен Адия 1926 жылы Ташкентте танысып, отау көтереді. Екеуі де оқуын 1928 жылы аяқтап, Ақтөбеге оралады. Нармағамбет қызметтерін алғашқы уақытта 1929 жылғы қаңтардан сәуірге дейін Ақтөбе қаласындағы учаскелік халық сотының судьясы, 1929 жылғы сәуірден 1933 жылға дейін Ақтөбе округінің Қобда аудандық халық сотының судьясы қызметтерін және Ақтөбе облыстық қой шаруашылығы трестінің директор орынбасары қызметінде болған. Кейін Темір ауданындағы №3 қой шаруашылығы кеңшарының шаруашылығын күйретуге қатысы болды деген айыппен қызметінен босатылған. Одан кейін Іле (Илеиск) қой шаруашылығы кеңшарының директоры қызметін атқарып, 1936 жылғы ақпан айында Нармағамбет Алматыға көшті. Мұнда ол Алматы қой шаруашылығы трестінің директор орынбасары қызметіне тағайындалды. 1936 жылдың ақпанынан 1937 жылдың маусымына дейін Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы Кеңшарлар халық комиссариатының Жетекші кадрлар секторын басқарды. Ал 1937 жылдың маусым-қыркүйек айларында Қазақ КСР Кеңшарлар халық комиссариатының Қой шаруашылығы басқармасының бастығы қызметін атқарды. Ал Адия Фазыловна Ақтөбе ауданында халық судьясы болып қызмет атқарған. Алматыға келгеннен кейін алғашында БК(б)П облыстық комитетіндегі әйелдер бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1937 жылғы ақпан айынан бастап, Нармағамбеттің сол жылдың қыркүйек айында тұтқындалуына дейін Қазақ КСР Жоғарғы Соты алқасының мүшесі болды. Кейін Адияны «халық жауының әйелі» деп жұмыстан қудалайды [АЛЖИР мемориалды музей-кешенінің негізгі қоры, НҚТ-5478].



Сурет 1. Шамгунов Нармағамбет пен Шамгунова Адия. 1937 ж., Алматы. (Фото ұрпақтарынан алынды).



Сурет 2. Шамгунова Адия. Қырым. 1937 ж. (Фото ұрпақтарынан алынды).

Нармағамбет пен Адияның отбасы үшін 1937 жылғы 5 қыркүйек қайғылы кезең басталды. Бұл күнді олардың қызы Шамгунова Ғалия өз естеліктерінде егжей-тегжейлі баяндалады: «1937 жылы, 5 қыркүйек, 17 сағат. Біз ол уақытта Фурманова/Кирова көшесіндегі үйдің (қазіргі Назарбаев/Бөгенбай батыр көшесі) бірінші қабатта, 4 пәтерде тұратынбыз. Ол үй қазір де сол жерде тұр. Бұл жексенбі күні болатын. Әкем демалып отырған, ал мен ойнап жүрдім. Маған ол кезде 8 жас еді. Есікті біреу қақты. Туысқанымыз Ғайша есікті ашты. Ішке бірнеше азаматтық киімдегі ер адамдар кірді. Олар НКВД қызметкерлері екен. Қамауға алу туралы ордерді көрсеткеннен кейін, пәтерді түгел тінтуге кірісті. Әкем орта бойлы адам еді, бірақ сол сәтте ол маған әлдебір кішкентай, бүкірейіп қалған адамдай көрінді. Мен ештеңені түсінбей, оның жанында диванда отырдым. Менің бөлмемде Қазалыдан іс-сапармен келген алыс туысымыз демалып жатқан еді. Оны кім екені және қайдан келгені жөнінде сұраққа алды. Ол құжаттарын көрсетіп, шеткерірек барып отырды. Кейін бізге оның Қазалыға келген пойыз вагонының ішінде қамауға алынғаны туралы хабар жетті (Сурет 3-4).



ный комиссариат внутренних дел
xt ISTER QALЬQ KOMIJSSARIJATI
xc SSR-nin Ichi Ister Komijssarijati
Alma-Ata qalasy
по Казахской ССР г. Алма-Ата.

ОРДЕР № 367
ORDIR

Сурет 3. 1938 ж. 14 сәуірдегі Қазақ КСР НКВД-сы берген А. Шамгуноваға қатысты тінту және қамауға алу туралы №367 ордер



ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА
обого совещания при Народном комиссаре внутренних дел СССР
от 10 июня 1938 г.


СЛУШАЛИ	ПОСТАНОВИЛИ
Дело № 0662/Казах.ССР ШАМГУНОВОЙ Адии, г.р.	ШАМГУНОВУ Адию как члена семьи изменника родины - заключить в испр.трудла-герь сроком на ВОСЕМЬ лет, сч.срок с 9/IУ-38 г. Дело сдать в архив.

Отв. секретарь Особого совещания

Сурет 4. 1938 ж. 10 маусымындағы КСРО Ішкі істер Халық комиссары жанындағы Ерекше кеңес (ОСО) хаттамасынан үзінді: А. Шамгунованы «Отанын сатқандар отбасы мүшесі» (ЧСИР) ретінде 8 жыл мерзімге еңбекпен түзеу лагеріне (ИТЛ) қамау туралы.

Әкемді қара түсті «воронкамен» (арнайы көлікпен – авт.) алып кетті. Содан кейін мен оны енді көрген жоқпын. Бұл кезде анам үйде болмады, Қырымдағы шипажайда демалып жүрген еді (сурет 2). Болған жағдайды естіген бойда қайтып келді. Ол қатты күйзеліске түсті. Өйткені ата-анам өздерін шынайы коммунистер әрі адал еңбек адамдары деп санаған еді. Анам Жоғарғы Сотқа келген бойда оған қарсы қуғындау басталды. Партиялық жиналыс өткізіліп, онда анам әртүрлі контрреволюциялық әрекеттер жасады деп айыпталды. Жиналыс шешімімен ол «Халық жауының әйелі» ретінде Коммунистік партия қатарынан шығарылып, жұмыстан босатылуға тиіс деп танылды. Алайда пәтерді әзірге тартып алған жоқ, тек бір бөлмені – залды – мөрлеп тастады. Анам жинақ кассасына жұмысқа орналасып, осылайша біз қыс айын өткердік. Анам күйеуінің тағдырына байланысты НКВД-ға бірнеше рет сұрау салуға әрекет жасады. Алайда оның бәрі нәтижесіз болды. Ешқандай жауап келмеді, ал жіберген сәлемдемелерін қабылдамады…» (сурет 5 а/б) [Османова естеліктерінен].

1938 жылы 9 сәуір күні НКВД ендігі кезекте Адияға келген еді. Ғалияның естелігіне бұл күні таңғы уақытта Адия қызын Калинин көшесінде (қазіргі Қабанбай батыр көшесі) орналасқан дүкенге нан алуға жібереді. Дүкеннен қайтып келе жатқан Ғалияны ересек ер адам тоқтатып, «Галя, ты за хлебом ходила?» деп сұрақтар қойып, кейін бірге үйіне барады. Ол кезде бала Ғалия небәрі 8-9 жасар еді. Баланың көзінше НКВД қызметкерлері оның анасын таңнан кешке дейін тергеп, үйді тінтіп, кейін Нармағамбетті алып кеткендей, НКВД-ның арнайы автокөлігімен алып кетеді.

а) 

б) 

Сурет 5 а/б. Шамгунов Нармағамбетке қатысты тергеу ісі.
Қылмыстық іс №11028. 1937 ж., Алматы. (Ұрпақтарынан алынды).

Бұл туралы Ғалия өз естелігінде былай дейді: «…Мен жалғыз қалдым. Тергеуші менің төсегімді дәлізге шығарып қойып, бөлмелердің есіктерін мөрлеп тастады. Пәтерді кілтпен жауып, ертең таңертең мені балалар үйіне алып кететінін айтты. Әкемді тұтқындау кезінде куәгерлер – көршілеріміз болды, пәтердің кілттері соларға тапсырылды. Кеш бойы жылағаным есімде. Қатты шаршағандықтан, қуыршағымды құшақтап жатып ұйықтап кеттім. Таңертең ерте есік ашылып, ішке бір қазақ азаматы кірді. Оның әкемнің інісі, Сәтен көкем екені анықталды. Нармағамбеттің тұтқындалғанын естіген ол бұл жағдайдың рас-өтірігін білу үшін Ақтөбе облысындағы ауылдан арнайы келген екен. Дәл сол таңертең оның келіп қалғаны қандай жақсы болды десеңізші. Көршілер оған пәтердің кілтін берді. Сәтен көкем көп ойланбастан вокзалға билет алуға кетті. Қайтып келген соң, менің заттарымды жинап, екеуіміз вокзалға жол тарттық…». Осы тұста Ғалияның тағдырының өзгеруіне, аман қалуына бір себебі туыстарына байланысты болды. Шамгуновтар Алматыға көшіп келгендерінде қалада Адияның туыстары тұрып жатқан еді. Нақты айтқанда Адияның әпкесі Сағадат (Соня), оның күйеуі Ғабидолла (Губай), балалары Рита, Мая, Ильдус және отбасылық достары Васильев Федор Петрович, оның әйелі Клавдия (Клава) мен әпкесі Мария Семеновналар болған еді.

Сәтен Ғалияны вокзалға барарда Клавдия Семеновнамен таңғы уақытта кездесіп, Ғалияны Ақтөбеге алып кететіндігі туралы айтып үлгеріпті. Кейін Клавдия бұл ақпаратты Сағадатқа телеграмма арқылы Қызылордаға жеткізеді. Бұған дейін, нақты айтқанда 1937 жылы Нармағамбетті тұтқындап алып кеткенен кейін Сағадат пен Ғұбайдолла Қызылордаға көшіп үлгеріп, қуғын-сүргінге ілінбеген еді. Соның арқасында олар Сәтен мен Ғалияны Қызылордада күтіп алады. Бұл туралы Ғалияның естеліктеріне тоқталсақ: «... Сол күні таңертең Клава тәте менің Сәтен көкемді кездестіріп, оның мені Ақтөбеге алып бара жатқанын білген соң, Қызылордадағы Соня тәтеме жедел түрде жеделхат жіберді. Соня тәте мен Ғұбай аға мені қарсы алу үшін Қызылорда вокзалына келді. Олар менің қай вагонда екенімді білмегендіктен, перрон бойымен жүгіріп, атымды дауыстап шақырды: «Галя, Галя…» Мен жоғарғы сөреде жатып, олардың даусын естідім. Бұл туралы Сәтен көкеме айттым. Ол мені перронға алып шықты. Соня тәтені көрген бойда мойнына асылып, жылап, айқайлап жібердім. Ол менен кіммен бірге болғым келетінін және Ақтөбеге барғым келе ме, жоқ па деп сұрап үлгерді. Мен онымен қалғым келетінін айттым, өйткені ол маған жақынырақ еді. Осылайша, мен Қызылордада Соня тәтемнің отбасында қалдым. Үстімде бір ғана көйлегім болды, ал заттарым вагонда қалып қойды. Ал пәтер мен жиһазды НКВД қызметкерлері алды. Ұзақ бес жыл бойы Соня тәтем маған анамның орнын басты. Оған деген перзенттік сезімім өмір бойы жүрегімде сақталып қалды...». Ғалия Сәтеннің арқасында аман қалды десек болады. Кейін Сағадат бала Ғалияға анасындай қарап, өсіріп, тәрбиелейді. Сайлаубек атаның айтуы бойынша, Нармағамбеттің ағасы Қалмағамбет те «Халық жауы» болып атылса, інісі Сәтен соғысқа кетіп жоғалған [Шамгуновтар естеліктерінен].

Нармағамбет Шамгунов КСРО Жоғарғы Соты Әскери алқасының (немесе НКВД «үштігінің») 1938 жылғы 2 наурыздағы үкімімен, 58-баптың 2, 7, 8, 11 тармақтары бойынша ату жазасына кесіліп, атылған(сурет 5 б). Бұл туралы қызы мен әйелі, ата-анасы кейін ғана білді. Ал Адияның тағдыры да өте ауыр болды. Кезінде өзі қызмет бабымен судья болып жұмыс істеген, өзі қадағалап отырған түрме камерасына енді оның өзін алып келді. Бұл камерада жүзге жуық сол кездегі Алматының интеллигенция өкілдерінің әйелдері жиналған еді. Кейін Адияның естеліктерінде зиялы қауымның әйелдерінің жинағанын түсінгеннен кейін, тұла бойынан жүйкесі сыр беріп бір сағаттай тоқтаусыз күлкімен отырғаның айтады. Содан кейін көз жасына ерік беріп, әйелдер оны ең жақсы деген орынға отырғызып, жұбатуға тырысады. Олар 3 ай бойы камерада не тергеусіз, не ақпаратсыз, не балаларының қайда екендігін білместен отырады. Бұл уақытта ешкімді тергеуге де шақырмаған. Тек кейін 1938 жылы 10 шілдедегі бұйрық бойынша Шамгунова Адияны 58 баптың 2, 5, 10, 11 тармақтары бойынша 8 жылға бас бостандығынан айырып, еңбек түзету лагері АЛЖИР-ге айдатылады. Олар Ақмолаға тек 1938 жылдың 27 маусымында ғана жетеді. Жолда оларды өте нашар тамақтандырып, тіпті оларды конвой қызметкерлері балағаттап, қорлап, қысым көрсетті. Пойыз аялдамаларға тоқтағанда, сотталғандар отырған вагон, құрамының ең соңында, перроннан алыс жерде тұратын. Адамдар терезелердің торының ар жағынан әйелдерді көретін. Конвой қызметкерлерінен кімдерді алып бара жатқанын сұрағанда, олар: «Алматыдан жезөкшелерді шығарып жатырмыз», – деп жауап беретін [АЛЖИР мемориалды музей-кешенінің негізгі қоры, НҚТ-5470].

АЛЖИР-ге жеткен кезде Адия ауыр хәлде жатқан еді, жолай ол қанды дизентериямен ауырып, емдеуге келмегендіктен оны мәйітхананың алдындағы бөлмеге жатқызған. Тағдыр Адияны осы тұстада сынаған еді, себебі өлім аузында жатқан адамды қарауға өзімен бірге лагерьге әкелінген, сотталған дәрігер, жағдайын білу үшін келген. Мамандығы дәрігер болғандықтан, оны лагерьде жұмыс істеуге тартып, науқастарға қарауды тапсырған, ал Адия оның көйлегіндегі жыртықты байқап, өзінің әбден әлсіз екеніне қарамастан, оны жамап беруді ұсынды. Дәрігер содан кейін Адияны жасырын түрде емдей бастады әрі оған тамақ әкеліп жүрді. Осылайша Адия біртіндеп оңалып, аяғына тұрды. Кейін Адияның тігін тігуді білетіндігі туралы білген соң оны Қарағандыдағы Долинка ауылына, КарЛагқа жібереді. Осы жерде Адия тігін шеберханасының меңгерушісі етіп тағайындалып, кейін оған жасырын түрде НКВД қызметкерлері өздерінің әйелдеріне, отбасыларына киім-көйлек тігіп беруін

сұрап келетін болған. Ол кезде лагерьде Одақтағы ең ірі ательелерде модельер-шебер болып жұмыс істеген ерлер мен әйелдер де отырғанын айта кету керек. Бұл тігіншілер майданға арналған арнайы киімдер тігетін. Осы уақыт ішінде Адия тұтқындардың арасынан да, оларды күзеткендердің арасынан да көптеген дос тапты. Және соның арқасында қызы Ғалияға хабар жеткізе алған еді [Османова естеліктерінен].

1940 жылы Ғалияны қамқорлығына алған Сағадат пен Ғұбайдолла Алматыға көшіп келеді (сурет 6). Ғалияның естеліктерінде бұл туралы былай делінеді: «…Менің жасым он бірлер шамасында еді. Сабақтан кейін үйге келгенім есімде. Бөлмеде үстел басында әскери киім киген бейтаныс ер адам отыр екен. Мені көргенде ол қуанып кетті, ал мен қорқып қалдым. Тұтқындаулар туралы естеліктер әлі де жадымда еді. Бірақ Соня тәте мен Ғұбай ағаның күлімсіреп отырғанын көріп, тыныштадым. Сөйтсем, бұл әскери киімдегі адам – НКВД қызметкері екен, Алматыға іс-сапармен келген болып шықты. Анам мені тауып, Соня тәтенің мекен-жайын тауып беруді өтінген екен. Ол өзі кезінде түрмеде он жыл отырып, кейін ақталған және осы жүйеде жұмысын жалғастырған. Кеңестік режимнің барлық «қызығын» өз басынан өткергендіктен, адамдарға жанашырлықпен қарайтын. Ол лагерьде жұмыс істеп жүрген кезінде анаммен танысып, кейін онымен достасып кеткен. Кейін анамның мерзімінен бұрын босатылуына көмектесті. Сондықтан анам сот үкімі бойынша белгіленген сегіз жылдың орнына бес жыл ғана отырды. Әлгі ер адам менің жағдайым, оқуым туралы сұрай бастады. Ол айтқандарының бәрін анама жеткізетінін түсіндіріп, оған шағын хат жазуымды өтінді. Осылайша біз анамның қайда екенін және қалай өмір сүріп жатқанын білдік…». Сөйтіп анасының досы арқылы 2 жылдық үзілген байланыс қайтадан басталып, анасы мен баласы қайта біріккендей болды. Әкесі мен анасынан хабарсыз қалған баланың жүрегі тек осы кезде ғана тыныш тапқан еді.



Сурет 6. Шамгунова Адия мен Ғалия Сағадаттың отбасысымен бірге.
1945 ж., Алматы. (Фото ұрпақтарынан алынды).

Шамгунова Адияны 1943 жылы 9-шы тамызда қылмыстық істің болмауына байланысты босатып, еркіндікке жібереді. Бірақ оның қолында паспорты жоқ еді, қолында тек лагерьден босатылғаны туралы, астанада тұруға құқығы жоқ екені көрсетілген анықтамасы болған еді [АЛЖИР мемориалды музей-кешенінің негізгі қоры, НҚТ-5477]. Соған қарамастан, Адияға Алматыда уақытша тұруға рұқсат берілді. Бірақ әр үш ай сайын милицияның паспорт бөліміне барып, тіркеліп тұруы керек еді. Адияның келуі туралы Ғалияның есінде анасының өте жүдеу, сырқат әрі ауыр дәрежедегі белгілері бар күйінде келгендігі мәңгі сақталып қалыпты: «...Оны туған ағасы Шаяхмет құтқарып қалды. Ол анамды шикі сиыр бауырын жеуге мәжбүрледі. Осыдан кейін анам біртіндеп қайтадан күш жинап, аяғына тұрды...». Бірақ бұл қуаныштары да ұзаққа созылмай кезекті бір белгі қойдыруға барған кезінде оны танып қалған бастыққа тап болды. Ол Ақтөбедегі Адия судья

болып жұмыс істеген сотта «разводящий милиционер» болып қызмет атқарған екен. Ол Адияға Алматыдан кету үшін 24 сағат уақыт берді. Ғалияның естеліктерінде: «...Анам үйге көңілсіз келді. Қайда барарын білмеді. Бірақ «дүние мейірімді адамдардан кенде емес» дегендей, біздің көршілеріміз Қабуловтар Шымкентке баруға кеңес берді. Олардың танысы Қасымбековтің осы қалаға облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалғаны да дәл сол кезге сәйкес келді. Сол жылы мен медтехникумды бітірдім. Қасымбеков Шымкентке біз анам екеуміз келген күндері келді. Ол маған жұқпалы аурулар ауруханасына медбике болып жұмысқа орналасуға көмектесті. Біз татар отбасынан шағын дәліз тәрізді бөлме жалдадық. Көршіміз қол тігін машинасын қарызға берді. Анам да киім тігіп, көршілеріне, таныстарына қызмет көрсетіп, ақша таба бастады. Бір минут та қарап отырмайтын. Ол жиі: «Қозғалыс – өмір», – деп қайталайтын...».

Жаңа орта, жаңа қалаға келгелі Адия мен Ғалияның өмірі тынышталып, жаңа беттерімен ашыла бастады. Адия бұрынғы қиын күндерді ұмытып, отбасысының ортасында жылы күндермен өмір сүрді. Ал Ғалия күйеуі Османов Әкім (Әбдіхәкім) Әбдірахманұлымен танысып, кейін отау тігеді. Ғалия мен Әкімнің ортақ тағдыры олардың «Халық жауының баласы» атағы еді, бұл оларды жақындастырып, жағылған қара күйеден бірге арылуға көмектесті. Адия қызы мен күйеу баласының қасында болды. Адия 1955 жылдан бастап күйеуін және өзін ақтау үшін арыздар жазады. Кейін Шамгуновтар отбасының тағдырына қатысты ақтау үдерісі жүзеге асырылды. Шамгунова Адия Фазыловна 1956 жылғы 20 сәуірде, ал Шамгунов Нармағамбет Сутеміұлы 1957 жылғы 17 қыркүйекте ақталды. Бұл туралы Ғалия өз естелігінде: «Ұзақ жылдар бойы артымыздан «Халық жауларының балалары» деген таңба еріп жүрді. Кейін ақталғанымыз туралы хабарламаларды алған кезде, олар біздің жан жарамызды толық жаза алмады. Біз бәріміз ащы жаспен жыладық… Сол кезде біз түсіндік – бүкіл ел жылады», – деп еске алады [АЛЖИР мемориалды музей-кешенінің негізгі қоры. НҚТ – 5478-5482].



Сурет 7. Шамгунова Адия, қызы Ғалия, күйеу баласы Османов Әкім және немерелері. 1961 ж., Шымкент. (Фото ұрпақтарынан алынды).



Сурет 8. Шамгунова Адия, 1980-ші жылдары, Шымкент. (Фото ұрпақтарынан алынды).

Ағайынды Нармағамбет пен Сәтеннің балалары бір-бірлерін іздеуді 1965 жылы бастапты. Бұл кезде Сәтеннің әйелі мен балалары Ақтөбе облысында өмір сүріп жатса, Адия мен Ғалиялар Шымкент қаласында еді (Сурет 7, 8). Кейін анықталғандай Шамгунова Адия күйеуінің бауыры Мұндық Шамгуновты қолына алып, білім алуға көмектесіпті. Ал Ғалияның аман қалуына өз көмегін тигізген Сәтен Шамгунов 1942 жылы соғысқа аттанып, кейін оралмаған. Ғалия Сәтеннің үйіне хат жіберіп, өздерінен хабар беріп, суреттерін жіберген еді. Өкініштісі ол кезде Сәтеннің ұлы Сайлаубек әскерде жүр еді. Араға 40 жылға жуық уақыт салып 2000 жылдары ғана Сайлаубек пен Роза Шамгуновтар бауырларын іздеуді қайтадан қолға алып, тек 2023 жылы бір-бірін тауып, көрісті. Тек өкініштісі Адия да, Ғалия да өмірден өтіп кеткен еді (сурет 9).



Сурет 9. Бауырлардың көрісуі, 2023 жылы маусым айы, Шымкент қаласы.
(Фото ұрпақтарынан алынды).

Шамгунова Адия Фазыловна 1987 жылы 81 жасында дүниеден өтті. Соңғы жылдарын ол бақытты, уайымсыз күйімен өткізді. Адия өмірді жақсы көрді, оның қадірін білді. Өткен қиын күндерді өте сирек, қысқа ғана еске алатын. Оның даналығын ел сүйетін, сол үшін оны қадірлейтін. Адиядан кейін оның қызы Османова (Шамгунова) Ғалия Нармағамбетовна 2011 жылы 82 жасында, ал Османов Әкім (Әбдіхәкім) Әбдірахманұлы 2016 жылы 93 жасында дүниеден озды. Қазіргі уақытта Ғалия мен Әкімнің ұлы Османов Ғалымжан Түркістан облысы, Шымкент қаласында өмір сүрсе, Ғалияны аман алып қалуға көмегі тиген Нармағамбеттің інісі Сәтеннің баласы Шамгунов Сайлаубек пен Роза Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласында өмір сүруде.

Қорытынды. Шамгуновтар отбасының тағдыры сталиндік саяси қуғын-сүргіннің жеке адаммен ғана шектелмей, оның отбасы мүшелерінің де өміріне ұзақ уақыт бойы әсер еткенін көрсетеді. Нармағамбет Сутеміұлының тұтқындалуы мен атылуы, Адия Фазыловнаның лагерьге жіберілуі, ал олардың кішкентай қызы Ғалияның ата-анасынан айырылып, туыстарының қамқорлығына өтуі – сол кезеңдегі саяси репрессияның отбасылық деңгейдегі зардаптарын көрсететін нақты мысал. Ғалия мен Сайлаубектің естеліктері осы оқиғалардың адам тағдырындағы зардапты түсінуге мүмкіндік беретін маңызды дерек болып табылады. Ғалияның балалық шағында болған оқиғаларды кейін еске алуы арқылы сол кезеңдегі тұтқындау, отбасының бөлінуі, жақын адамдарынан хабарсыз қалу, «Халық жауының баласы» деген таңбаның ұзақ жылдар бойы сақталуы сияқты мәселелер көрініс табады. Ал Сайлаубектің естеліктері қиындық көрсе де, жүректің түбіндегі бауырға деген сағыныштың дәлелі. Шамгуновтар отбасының тарихы – саяси қуғын-сүргін құрбандарының тағдырын зерттеудің маңызын көрсететін мысалдардың бірі. Бұл отбасының өмір жолын зерделеу арқылы кеңестік репрессиялық саясаттың жеке адамның қызметіне ғана емес, оның отбасы мен ұрпағының кейінгі өміріне де әсер еткенін аңғаруға болады. Сондықтан мұндай тағдырларды архивтік құжаттармен, естеліктермен және басқа да дереккөздермен салыстыра отырып зерттеу – тарихи әділеттілікті қалпына келтіру мен ұлттық тарихи жадты сақтаудың маңызды бағыттарының бірі. Осындай тағдырларды еске алу – өткенді қайта өзгерту емес, тарихта орын алған әділетсіздікті ұмытпау.

Жазықсыз жапа шеккен адамдардың өмір жолы кейінгі ұрпаққа тарихи сабақ болып қалуы тиіс. Шамгуновтар отбасының тағдыры да сталиндік қуғын-сүргін жылдарындағы

адам төзімділігі, туыстық қолдау және өмірге деген ұмтылыстың көрінісі ретінде тарихи жадымызда сақталуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

АЛЖИР мемориалды музей-кешенінің негізгі қоры. НҚТ 5469–5482. Архивтік құжаттар.

Алматы қаласы Ішкі істер департаментінің Ақпараттық-талдау орталығы. Д. №3559, қ. №20, 27 б.

Османова Ғалия Нармағамбетовнаның жазбаша естеліктері. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау музейінің қоры. Қ. №5192.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау музейінің қоры. Қ. №5808–5824. Фотосуреттер.

Шамгунов Сайлаубек пен Шамгунова Розаның естеліктері [аудиожазба/қолжазба]. Автордың жеке коллекциясы.

REFERENCES

ALZHIR Memorial Museum Complex. Main Collection. NKT Nos. 5469–5482. Archival documents (In Russian)

Collection of the Museum for the Memory of Victims of Political Repression. Funds Nos. 5808–5824. Photographs (In Russian)

Information and Analytical Center of the Department of Internal Affairs of Almaty. File No. 3559, Funds Nos. 20, 27 p. (In Russian)

Osmanova, Galiya Narmagambetovna. Written memoirs. Collection of the Museum for the Memory of Victims of Political Repression. Fund No. 5192. (In Russian)

Memoirs of Sailaubek Shamgunov and Roza Shamgunova [Audio recording / Hand-written notes]. Private collection of the author. (In Qazaq)

Автор туралы мәлімет: Серік Алтынай Қонысбекқызы – Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің Қорларды ғылыми қамтамасыз ету бөлімінің қор сақтаушысы (Ақтөбе қаласы, Ораз Тәтеұлы көшесі 3, Қазақстан). E-mail: altynai.serik.05@mail.ru

Сведения об авторе: Серик Алтынай Конысбеккызы – хранитель фондов Отдела научного обеспечения фондов Актюбинского областного историко-краеведческого музея (г. Актобе, ул. Ораз Татеулы, 3, Казахстан). E-mail: altynai.serik.05@mail.ru

Information about the author: Altynai K. Serik – Collection Keeper of the Department for Scientific Support of Collections at the Aktobe Regional Museum of History and Local Lore (3 Oraz Tateuly, Aktobe, Kazakhstan). E-mail: altynai.serik.05@mail.ru

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 17.09.2026.
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 21.09.2026.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 24.09.2026.